

5. Evseeva E.N., Krasovitskaya T.Yu. *USSR In 1945 - 1953: spiritual life*. pp. 1-18. [sssr-v-1945-1953-gg-duhovnaya-zhizn.pdf](#)
6. Auezov M.O. https://kk.wikipedia.org/wiki/Mukhtar_Auezov
7. Auezov, who "confessed his guilt": interesting facts about the writer. <https://sputnik.kz/20191208/Muhtar-Auezov-omirbaian-12234439.html>
8. *Unknown in the heritage of Mukhtar Auezov*. Archive documents, izd. house "Biblioteka Oljasa", A., 2013, P. 15.
9. Zhunisbekov B. *Auezov saw the fir tree*. <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1939>
10. Rakhimzhan K. *Mukhtar Auezov's letter to S. Mukanov*. *XIB Auezov's readings: XIB international. scientific-practical conf. materials*. – Almaty, "Adebiet Alemi" 2016. – P. 56-61.
11. Zhusip K. *Kemenger*. *XIB Auezov's readings: XIB international. scientific-practical conf. materials*. – Almaty, "Adebiet Alemi" 2016. – P. 18-21.
12. Auezov M. *My father's last letter was written to his homeland*. 06.06.2011. <https://abai.kz/post/8875>
13. Stephen G. Wheatcroft. *Towards a more critical understanding of the statistical indicators of Soviet repression and what they tell us*, *Cahiers du monde russe* [Online], 63/1 | 2022, Online since 02 January 2025, connection on 09 January, 2025. – P. 186-204. URL: <http://journals.openedition.org/monderusse/> 13124; DOI: <https://doi.org/10.4000/monderusse.13124>
14. *Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Fund 2196, list 1, file 44, pages 1-7*
15. *Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Fund 2196, list 1, file 44, pages 1-6*

МРНТИ/ГТАХР/IRSTI 03.20

УДК/ӘӨЖ /UDC 974 (57)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.032>

Д.Қ. Құндызбай *1

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: diana.krmi@mail.ru

1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАППАЙ ШЕТЕЛГЕ БОСУЫ, БОСҚЫНДАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ КУӘГЕРЛЕР КӨЗІМЕН

Аңдатпа

1928-1933 жылдардағы қазақтардың жаппай шетелге көшуі мен босқындардың тағдырлары қарастырылады. Жұмыс тарихи деректерге және куәгерлер естеліктеріне негізделген. Мақаланың мақсаты – сол кезеңдегі оқиғаларды толық көрсету және халықтың көші-қонын, босқындық трагедиясын тарихи тұрғыдан талдау.

Қазақтардың жаппай шетелге босуы мен босқындар тағдырының тарихи алғышарттары (1928-1933 жж.) негізінде қазақтардың жаппай көшуіне әсер еткен тарихи, әлеуметтік және экономикалық факторлар қарастырылады. Мұнда ашаршылық, саяси қысым және жер мәселесі сияқты негізгі себептер талданады. Мақалада 1928-1933 жылдары орын алған қазақтардың жаппай шетелге босу үдерісі, оның тарихи алғышарттары мен әлеуметтік-экономикалық себептері жан-жақты қарастырылады. Ұжымдастыру, бай-құлақ шаруашылықтарын тәркілеу, күшпен отырықшыландыру саясаты, қолдан жасалған ашаршылық сияқты кеңестік әкімшілік-әміршіл жүйенің ауыр шаралары халықты туған жерін тастап, шекара асуға мәжбүр етті. Мақалада босқындардың Қытай, Моңғолия, Ауғанстан және Иран бағыттарына қарай көшу маршруттары, жол-жөнекей көрген қасіреті, жаңа ортаға бейімделуіндегі қиындықтары нақты фактілер мен деректер негізінде талданады. Мақаланың маңызды бөлігі – сол кезеңді көзімен көрген куәгерлердің естеліктеріне сүйене отырып, босқындардың тағдырын ашып көрсету. Ауызша тарих материалдары арқылы босқындардың

күнделікті тұрмысындағы қиындықтар, аштық, ауру-сырқау, шекара күзеті тарапынан жасалған қысым мен қауіп-қатер, сондай-ақ жаңа мекенге орналасу барысындағы әлеуметтік-мәдени сынақтар айқындалады. Мақала нәтижесінде 1930 жылдардағы босқыншылық құбылысы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, демографиялық дамуына және тарихи жадына елеулі ықпал еткен трагедиялық кезең ретінде бағаланады. Мақала архивтік құжаттар, мерзімді басылым материалдары және куәгерлердің естеліктері негізінде дайындалған.

Қазақтардың 1928-1933 жылдардағы жаппай шетелге көшуі тарихи тұрғыдан үлкен маңызы бар оқиға болып табылады. Босқындардың тағдыры куәгерлер деректері арқылы нақты көрініс табады. Мақала тарихи деректер мен куәгерліктерді біріктіру арқылы оқиғаның жан-жақты суретін жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: қазақ босқындары; 1928-1933 жылдар; ұжымдастыру; күштеп отырықшыландыру; тәркілеу; ашаршылық; шекара асып босу; Қытайға босу; Моңғолияға босу; Ауғанстан мен Иранға көшу; босқыншылық тағдыры; куәгерлер естеліктері; ауызша тарих; демографиялық шығын; кеңестік репрессиялық саясат.

Д.К. Кундызбай *1

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Алматы, Казахстан

E-mail: diana.krmu@mail.ru

МАССОВОЕ БЕГСТВО КАЗАХОВ ЗА ГРАНИЦУ В 1928-1933 ГОДЫ И СУДЬБА БЕГЛЦЕВ ГЛАЗАМИ ОЧЕВИДЦЕВ

Аннотация

В статье рассматриваются массовый исход казахов за пределы страны в 1928-1933 годах и судьбы беженцев. Исследование основано на исторических источниках и воспоминаниях очевидцев. Цель работы – всесторонне осветить события данного периода и провести исторический анализ миграционных процессов и трагедии бегства.

В разделе, посвящённом историческим предпосылкам массовой эмиграции казахов (1928-1933 гг.), анализируются исторические, социальные и экономические факторы, повлиявшие на вынужденное переселение населения. Особое внимание уделено таким ключевым причинам, как голод, политическое давление и земельный вопрос. Подробно раскрыты влияние коллективизации, конфискации хозяйств баев и кулаков, насильственной оседлости и искусственно вызванного голода – мер советской административно-командной системы, которые вынудили значительную часть населения покинуть родные земли и искать спасения за пределами СССР.

На основе архивных материалов и документальных свидетельств в работе анализируются маршруты бегства в направлении Китая, Монголии, Афганистана и Ирана, трагические события, сопровождавшие путь беженцев, а также сложности их адаптации в новых условиях. Важной частью исследования является рассмотрение судеб беглецов через призму воспоминаний очевидцев. Материалы устной истории позволяют выявить повседневные трудности, с которыми столкнулись беженцы: голод, болезни, угрозы со стороны пограничной охраны, социально-культурные препятствия при обустройстве на новом месте.

Сделан вывод о том, что массовое бегство 1930-х годов стало трагическим этапом в истории казахского общества, значительно повлиявшим на его социальную структуру, демографическое развитие и коллективную историческую память. Статья подготовлена на основе архивных документов, материалов периодической печати и свидетельств очевидцев.

Массовое переселение казахов за рубеж в 1928-1933 годы является событием значительной исторической важности. Судьба беженцев, раскрытая через свидетельства очевидцев, позволяет воссоздать многогранную картину пережитых трагедий и испытаний.

Ключевые слова: казахские беженцы; 1928-1933 годы; коллективизация; насильственная оседлость; конфискация; голод; бегство через границу; исход в Китай; исход в Монголию; переселение в Афганистан и Иран; судьбы беженцев; воспоминания очевидцев; устная история; демографические потери; репрессивная политика советской власти.

D.K. Kundyzbay *1

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: diana.krmu@mail.ru

THE MASS EXODUS OF KAZAKHS TO FOREIGN COUNTRIES IN 1928-1933 AND THE FATE OF REFUGEES THROUGH THE TESTIMONY OF EYEWITNESSES

Abstract

This article examines the mass exodus of Kazakhs abroad in 1928-1933 and the fate of the refugees. The study is based on historical sources and eyewitness testimonies. The aim of the article is to provide a comprehensive account of the events of this period and to conduct a historical analysis of the population's migration and the tragedy of displacement.

The section devoted to the historical prerequisites of the mass flight of Kazakhs abroad (1928-1933) investigates the historical, social, and economic factors that contributed to this large-scale migration. Key causes such as famine, political pressure, and land-related issues are analyzed. The article provides an in-depth examination of the process of mass exodus, its historical background, and socio-economic determinants. Harsh measures implemented by the Soviet administrative-command system – collectivization, confiscation of wealthy households, forced sedentarization, and the artificially induced famine – compelled large segments of the population to abandon their native lands and seek refuge abroad.

Drawing on concrete facts and documentary evidence, the study analyzes the main escape routes to China, Mongolia, Afghanistan, and Iran, the hardships endured along the way, and the challenges of adaptation in a new environment. A significant part of the article focuses on the destinies of the refugees as revealed through eyewitness accounts. Oral history materials illustrate the daily hardships experienced by the displaced population, including hunger, disease, threats from border guards, and socio-cultural difficulties encountered in the process of resettlement.

The study concludes that the exodus of the 1930s was a tragic period that significantly influenced the social structure, demographic development, and historical memory of Kazakh society. The article is based on archival documents, periodical press materials, and eyewitness testimonies.

The mass migration of Kazakhs abroad in 1928-1933 is an event of great historical significance. The fate of the refugees, revealed through eyewitness accounts, allows for the reconstruction of a multifaceted picture of the tragedies and trials they endured.

Keywords: Kazakh refugees; 1928-1933; collectivization; forced sedentarization; confiscation; famine; border escape; flight to China; flight to Mongolia; migration to Afghanistan and Iran; refugee destinies; eyewitness testimonies; oral history; demographic losses; Soviet repressive policy.

Кіріспе. XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан ұжымдастыру, тәркілеу, күштеп отырықшыландыру, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргінге байланысты ауыр әлеуметтік-саяси күйзелістерді бастан өткерді. 1927-1933 жылдардағы «Кіші Қазан» саясаты дәстүрлі шаруашылықты жойып, қазақ халқын жаппай босқындыққа итермеледі. Соның салдарынан жүздеген мың адам Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран, кейін Түркия мен Еуропаға қоныс аударды. Бұл кезең халық санының кемуімен қатар, мыңдаған отбасының тағдырына түскен зор қасірет ретінде тарихта қалды.

Зерттеу деректері бойынша, 1930 жылдың көктемі мен 1931 жылдың тамызы аралығында Қазақстанның 27 ауданынан 15 960 шаруашылық Орта Азия елдеріне көшіп кеткен. Қытаймен

шекаралас аймақтардан басталған бұл қозғалыс уақыт өте жаппай сипат алып, жүздеген мың адамның өмір жолын өзгертті. Босқындардың бір бөлігі барған елдеріне біржола орнығып, бүгінде әлемнің 40-тан астам мемлекетінде өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының қалыптасуына негіз болды.

Қазіргі таңда шетелдерде 5 миллионнан астам этникалық қазақ өмір сүреді, бұл ХХ ғасырдағы ауыр тарихи кезеңдерден бастау алған көші-қон үдерісінің ұзақ мерзімді салдарын көрсетеді. Осыған байланысты қазақтардың тарихи отанынан мәжбүрлі көшуіне ықпал еткен саяси шешімдерді, босқындардың әлеуметтік-мәдени ахуалын және олардың естелік деректері мен тағдырын мақала бүгінгі тарих ғылымы үшін аса өзекті болып табылады.

1928-1933 жылдардағы ұжымдастыру мен ашаршылық салдарынан қалыптасқан қазақ босқындары мәселесін зерттеу ұлттық демографиялық шығындарды, мәдени сабақтастықты және диаспораның қалыптасу тарихын түсіну үшін аса маңызды. Бұл тақырып архивтік деректер мен куәгерлердің ауызша естеліктері арқылы тарихи шындықты қалпына келтіруге, ұжымдастыру саясатының нақты салдарын бағалауға және ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шетелдегі қазақтардың мәдени құндылықтарды сақтауы мен тәуелсіздік кезеңіндегі атамекенге оралу үдерісін зерделеу қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер. 1988 жылы алғаш рет академик М.Қ. Қозыбаевтың бастамасымен «Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: тәжірибелер мен проблемалар» атты Бүкілодақтық ғылыми конференция өткізілді. Сонымен қатар, аталған конференция негізінде 1993 жылғы 14 сәуірде қазіргі уақытта қолданыстағы «жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Мерзімді баспасөз деректері – ХХ ғасырдың соңғы онжылдықтарында, атап айтқанда 1990-2000 жылдары жарық көрген баспасөз материалдары. Бұл топқа «Университет Хабаршылар», «Қазақ тарихы» сияқты республикалық журналдар мен газеттер жатады, олар зерттеу мәселелерін жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Естелік және жеке жинақталған деректер – ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің баяндамалары, зерттеушілердің жеке естеліктері, куәгерлік хаттамалар. Бұл деректер қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігі мен тарихи өзгерістерді жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді. Аталған материалдар облыстық мемлекеттік архив қорларында да сақталған және Халықтық кеңестің қаулыларына негізделген. Жалпы, осы төрт топқа жататын деректер шетелге кеткен қазақ босқындарының тағдырын куәгерлер көзімен зерттеуге, тарихи үрдістерді кешенді талдауға және ғылыми негізде сипаттауға мол мүмкіндік береді [1].

Әдістері. Тақырыптың жан-жақты зерттелуі жаңа методологиялық ұстанымдарды қалыптастыратыны сөзсіз. Оның үстіне соңғы уақыттарда тарихи зерттеулер жүргізуде ғылым мен техниканың жаңа технологиялық жетістіктері пайдаланылуда.

Мақалада тарихи оқиғалар мен оларды зерттеудегі бағалауда өркениетті көзқарас пен ұлттық мүдде негізге алынды.

Сондықтан, мақала тарихи типологиялық, тарихи жүйелік, салыстырмалық, қоғамдық ғылымдар аясында көпшілік сүйенетін - сыни және функциялық тарихи принциптер негізге алынып отыр.

Құжаттық және архивтік талдау әдісі арқылы ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты ҚРПА мен Алматы облыстық архивтеріндегі құжаттар пайдаланылған. Сол кездегі үкімет қаулылары, хаттамалар, арыздар мен статистикалық мәліметтерге сүйенген. Ауызша тарих (oral history) әдісі куәгерлердің естеліктері, информаторлар берген деректер негізінде оқиғаларға адам көзқарасын енгізген. Бұл тәсіл ресми құжаттарда айтылмаған әлеуметтік-психологиялық әсерлерді ашуға көмектескен. Жүйелілік және функционалдық талдау әдісі арқылы оқиғаларды тек тарихи тұрғыда ғана емес, қоғам дамуының құрылымдық элементтері ретінде қарастырған. Ұжымдастыру, ашаршылық және босқындық арасындағы себеп-салдар байланысын анықтаған. Пәнаралық салыстыру әдісі тарих, этнология, философия және социология ғылымдарының тәсілдері біріктірілген Бұл әдіс тақырыпты кең әлеуметтік

контексте қарастыруға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, тарихи зерттеулердің барысында мойындалған - объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы- тарихи және ғылымаралық салыстыру, жетістіктеріне сүйену әдістері басшылыққа алынды. Баяндаманы жазуда ғылыми шынайылық, тарихи салыстыру, деректер қорын жүйелеу, талдау, қорыту, т.б. әдістер қолданылды.

Нәтиже және талқылау

1928-1933 жылдары қазақтардың жаппай шетелге босуды мен босқындық тағдырын зерттеу барысында қолданылған деректер бірнеше негізгі топқа бөлінеді: Мұрағаттық деректер – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің қорлары қолданылды. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің №1179 «Комитет по оседанию и хозяйственному устройству откочевников при Совете Народных Комиссаров Казахской АССР» қоры, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің №141 «Казахский Краевой Комитет Всесоюзной Коммунистической партии (большевиков)» қоры пайдаланылды. Бұларға қарастырылған кезеңге қатысты жарияланған құжаттар жинақтары, XX ғасырдың басындағы «Жетісу облысы бойынша шолу» статистикалық мәліметтері, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің естеліктері, 1920-1939 жылдары және кейінгі кезеңдегі газеттер мен журналдар материалдары жатады. Мысалы, Алматы облыстық мемлекеттік архивіндегі (40, 284-қорлар) кәмпескелеу кезіндегі заңсыздықтар мен олардың жойылуы жөніндегі арыздар, ашаршылыққа байланысты құжаттар. Кітапханалық деректер – Ұлттық кітапхана қорындағы тақырыпқа қатысты әдебиеттер, шетелдегі қазақ диаспорасы, ашаршылық пен тәркілеу мәселелерін қамтитын деректер, сондай-ақ жыл сайын жарияланған жинақтар мен кітаптар.

Кеңес үкіметінің солшыл саясатының салдарын көрген қазақ байлары мен діни қызметкерлер-имамдар, молдалар, ишандар–қауіптен аман қалу үшін елді мекеннен кетуге мәжбүр болды. Олар Кеңес өкіметінің репрессиясына қарсы тұра отырып, қоныс аударды. Көші-қон негізінен Қазақстанның шекаралас аудандарында жүзеге асты. 1930 жылдың жазында бұрынғы Семей округінің Тарбағатай мен Зайсан аудандарынан шамамен 60 шаруа қожалығы Қытайға қоныс аударды. Көші-қон көбінесе көктем мен жазда жүргізілді, өйткені күз бен қыс айларында тау асуларын өту адамдар мен мал үшін өте қауіпті болды. Ауа көшу қарқыны артқан соң, Кеңес өкіметі шетелге кететін босқындарды тежейтін шаралар қолданды. 1930 жылы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма құжаттары бойынша Қазақстан аумағын таулар арқылы және қытай жеріне шекаралық өткелдер арқылы өтуге тырысқан босқындар арасынан барлығы 10 636 адам ұсталды. 1931 жылдың алғашқы екі тоқсанында шекарада ұсталғандар саны 15 мыңға жетті.

Қазақстандағы ашаршылықтың басты себептерінің бірі ет науқаны болды, ол КСРО-ның индустрияландыру саясатын жүзеге асыру мақсатымен байланысты еді. Сол кезеңде Ресейде жаңа зауыттар мен фабрикалар салу жоспарланып, Кеңес үкіметі батыстағы капиталистік елдермен бәсекеге түсу үшін индустрияландыруды өз мойнына алды. Компартия периферияға сенбеді, сондықтан Қазақстандағы халықты еңбек күші ретінде пайдалану қажеттілігінен ашаршылық орын алды.

XX ғасырда қазақ халқы бірнеше ірі көші-қон толқынын бастан өткерді. Бұл қозғалыстар саяси қуғын-сүргін, отарлық қысым, ашаршылық пен ұжымдастырудың салдарынан туындады. Мұндай көші-қон тек статистикалық деректермен ғана емес, миллиондаған адамның жеке трагедиясымен, куәгерлердің ащы естеліктерімен сипатталады. Қазіргі таңда баспасөз бен ғылыми еңбектерде осы сұрапыл кезеңге қатысты әртүрлі зерттеулер мен мақалалар кеңінен жариялануда. Куәгерлердің естеліктерін субъективті деп санауға болады, бірақ оларды жоққа шығару тарихи шындықты жасыруға тең болар еді.

«Қазақ әдебиеті» газетінде жазушы Ө.Қанахиннің «Көрген көзге жазық жоқ» атты естелігі, қарт жазушы З.Ақышевтың «Білсін мұны ұрпақтар» деген еңбегі жарияланып, ашаршылық нәубетін өз көзімен көрген адамдардың ащы шындығын жеткізді. Сонымен бірге Б.Нұржекеев

«Көпенді шаруалар қайдан шықты?» атты материалында ашаршылықтың себептерін нақты деректермен көрсетеді. Оның мәліметінше, 1933 жылы Қазақстандағы мал басы 1929 жылмен салыстырғанда 16 есе кеміп, 39,294 мың бастан 24,282 мыңға түскен, яғни 27 миллион мал жоғалған. 1929 жылы әр отбасына шаққанда 39 малдан келсе, 1933 жылы бұл көрсеткіш 10 есе төмендеп, 3,9 малға дейін азайған. Автордың пікірінше, 1932-1934 жылдары халық саны 3,5-4 млн адамға кеміген (Б. Нұржекеев).

Бұл жылдары ашаршылықты зерттеуде жазушылар мен журналистердің еңбегі зор болды, өйткені арнайы ғылыми зерттеулер мен мұрағат материалдары өте аз еді. Сондықтан олардың жұмысы әрдайым объективті бола бермесе де, қоғамдық пікір қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Баспасөз халыққа тек публицистикалық еңбектерді ғана емес, кәсіби зерттеушілердің еңбектерін де ұсынды. Демограф М.Тәтімовтың «Демографиялық процестегі әлеуметтік шарттылықтар» атты зерттеуінде 1932 жылғы Бүкілодақтық халық санағының деректері талданып, нақты демографиялық көрсеткіштер салыстырмалы түрде берілді. Тәтімов қазақтар санының азаюымен бірге украиндар, өзбектер, ұйғырлар сияқты өзге ұлт өкілдерінің де кемігенін, сондай-ақ аштықтан қырылғандардың басым бөлігін 9 жасқа дейінгі балалар құрағанын атап өтеді. М. Тәтімов 1932 ж қазақтардың саны 2 млн 22 мың адамға кеміді деген деректер кейіннен өзгерістерге ұттырады. Мәселен, ол өзінің «Демографиялық процестердегі әлеуметтік шарттылықтар» атты кітабына: «Аштық пен эпидемияға ұшыраған жергілікті қазақтар тұрғындарының саны шамамен 2 млн адам немесе республика жалпы санының 49 процентін құрады» деп жазады [2].

1919 жылы тарихшы М.Тынышбаев қазақтардың санын 5 млн 360 мың деп көрсетсе, демограф М.Тәтімов 1992 жыл басында әлем қазақтарының саны 10 млн 395 мыңға жеткенін айтады. Демек, бүкіл кеңестік кезеңде қазақ халқы небәрі 5 млн ғана көбейген. Кейбір авторлар тіпті 1932 жылғы ашаршылық болмағанда қазақтар саны 30 млн-ға жетер еді деп жазады.

М.Тәтімов кейінгі еңбектерінде ұжымдастыру жылдарындағы шығынды 2-5 млн адам деп көрсетеді, бірақ ол архивтік құжаттарды кең қолданбағаны атап өтіледі. Бұл алапат нәубеттің басқа ұлттарға, кіші халықтарға ықпалы да зор болды.

Мәселенің бір қыры – кеңес өкіметінің «тендік» пен «еркіндік» туралы ұрандарының екіжүзділігі еді. Конституцияда бәрі дұрыс көрінгенімен, іс жүзінде олай болмады. Қазақ трагедиясының тағы бір себебі – зиялылардың бір бөлігінің осы жалған ұрандарға сеніп қалуы. Бір топ коммунистік идеяға ерсе, екінші топ – Алашорда қайраткерлері – оған қарсы болды. Екі жақ та халқы үшін қызмет етуді ойлағанымен, қатаң саяси жүйенің бақылауы, архивтердің жабық болуы шындықты ашуға мүмкіндік бермеді.

Сондай-ақ сол кезеңде саяси үстемдікке ие болған коммунистік партияның идеологиялық қысымы да тарихи шындықтың айтылуына кедергі болды. Дегенмен қоғамдық сұраныстың күшеюі нәтижесінде ашаршылықтың себептері мен зардаптарын зерттеуге бетбұрыс жасалды. Бұл ретте баспасөздің рөлі ерекше болғаны анық.

Талқылау. Ұжымдастырудан қашқан қазақтардың бір бөлігі Иранның солтүстік-шығыс аймақтарына қоныс аударды. Жазбаларға сәйкес, сол жылдары шамамен 400 қазақ отбасы Иранға өткен. Бүгінде Забул уезі, Систан мен Белуджистан провинцияларында Дехэ-Қазок атты ауылда 3-4 мыңдай қазақ тұрады. Сонымен қатар, Гулистан провинциясында «қазақмахла» деп аталатын елді мекендер бар. Шетелдік ғалым Франц Шурманн «Ауғаныстан монғолдары» еңбегінде Ауғаныстандағы қазақтардың көпшілігі КСРО-дан ауа көшкен босқындар екенін атап көрсетеді. Олар негізінен Ханабад пен Андохой қалаларында орналасып, қалалық люмпенпролетариат қатарына қосылған. Сонымен қатар, 500-ге жуық қазақ Гераттағы Қазақсарай деп аталатын мекенде қоныстанған деп жазылған [2].

Аштықтан көздері жұмылған қазақ босқындары Сібірде тірі қалу үшін қылмысқа итермеледі. Тек 1932 жылдың 15-20 қаңтары аралығында бұл өңірде 9 рет жылқы ұрлау, сондай-ақ ұрлық пен тонау жағдайлары тіркелді. Аштықтан әлсіреген қазақтар көшеде кездескендерден немесе пәтер тұрғындарынан нанды ашық түрде тартып алған.

Батыс Сібір хатшысы М.Зайцев Қазақ өлкелік партия комитетіне жазған хатында 5-8 адамнан тұратын қазақ топтары пәтерлерге кіріп, нан талап еткенін баяндайды. Славгород қаласының асханалары аш-жалаңаш қазақтарға толып, олар жерге түскен нан қиқымдарын теріп жеп, басқа адамдардың тәрелкесінен тамақ алып күнелткен. Қолдарына түскен тағам қалдықтарын қалдырмай жеген.

Қазақстандық қайраткерлердің бұл хаты тек 1932 жылдың көктеміне дейінгі кезеңді қамтиды, 1932-1933 жылдардағы алапат ашаршылық кезінде өлген адамдар саны есепке алынбаған. Дегенмен, хаттан көрініп тұрғаны, сол кезеңдегі аштық салдарынан қазақтардың кемі 2 млн 100 мың адамға жеткені байқалады. М.Г. Сириустың есептеулеріне сәйкес, әр малшы отбасында орта есеппен 6 адам болған [3].

Күштеп ұжымдастыру жылдары Қазақстандағы әр қожалықтағы адамдар саны айтарлықтай төмендеді, басты себеп – алапат ашаршылық. 1930-1933 жылдары бұл көрсеткіштер 4,76%-тен 3,83%-ке дейін азайды. Демограф М.Тәтімұның есептеулеріне сәйкес, 1928 жылы Қазақстанда 828 мың қазақ шаруаларының қожалықтары болса, 1931 жылы олардың 706 мыңы көшпелі немесе жартылай көшпелі болып саналды, ал қазақ халқының жалпы саны 4,8-5,45 млн адамға жеткен [4].

Ғалым Д.Махат «Қазақ зиялыларының қасіреті» еңбегінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына қатысты маңызды деректерді қарастырады. Ол зерттеу үшін архив материалдарын, араб графикасында жазылған деректерді қазақша аударып пайдаланғанын атап өтеді. Деректерді бес топқа бөледі: іс жүргізу құжаттары (КОКП құжаттары мен ірі архив материалдары), 1929-1930 жылдардағы мерзімді баспасөз, мемуарлар мен күнделік хаттар, бұқаралық сауалнамалар мен статистикалық деректер, сондай-ақ қайраткерлердің еңбектері.

Д.Махат Қазақ өлкелік пленумдарында жарияланған материалдарды, конференция шешімдерін және Сталин сөздерін іс жүргізу құжаттары ретінде қолданады. Ол 1920-30 жылдардағы идеологиялық күрес барысында қазақ зиялылары «оңшылдар» деп айыпталғанын, елде «оңшылдық» пен «сәдуақасовшылық» деген айдарлардың таралғанын көрсетеді. Голощекин тобы бұл ағымды қауіпті деп есептеп, оған қарсы күресті күшейткен; тіпті 1928 жылы Голощекин Сталинге «оңшыл ағымды» талқандағанын хабарлаған. 1929 жылы 19 маусымдағы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бюро мәжілісінде де «оңшылдармен күрес» басты мәселе ретінде қаралған. Қазақ зиялылары ауыл ерекшеліктерін ескеруді ұсынғанымен, олардың пікірі ескерілмеген. Автор кәмпескелеу науқанындағы келеңсіздіктерге де назар аударады: Ақтөбе округіндегі 22 ауылда байлар малдарын тәркілеуден сақтау үшін жасырып қалған, ал Қостанай округінде кәмпескеге тиесілі малдың 70%-ы жасырылған[5].

Қытай мемлекеті қазақтарды басқаруды автономиялық құрылым арқылы жүзеге асырады. Оған Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтарын қамтитын Іле Қазақ автономиялы облысы, Санжы хұйзу автономиялы облысына қарасты Мори қазақ автономиялы ауданы, Құмыл аймағындағы Баркөл қазақ автономиялы ауданы және Гансу өлкесіндегі Ақсай қазақ автономиялы ауданы жатады. Бұл автономия 1954 жылы берілген.

Годфри Лиас Түркияда тұрып, Шыңжаңдағы жағдайға жауапты тұлғалар мен қытай өкіметіне қарсы әрекет еткен көтеріліс басшылары-Әлібек Хакім, Хұсайын Тайджи, Қарамолла, Хамза Ошар және Сұлтаншәріп Тайджи сияқты ақсақалдардан интервью алып, өз еңбегінде олардың пікірін көрсеткен. Автор 1950 жылы Шыңжаңда болған жағдайларды сипаттай отырып, қазақтардың өз отанын тастап, басқа елде өмір сүруге мәжбүр болған қайғылы кезеңін баяндайды. [6].

Ашаршылық пен оған байланысты эпидемиялардың, сондай-ақ өлім-жітімнің жоғары болуы, халықтың басқа республикаларға, Қытайға, Иранға, Моңғолияға және басқа елдерге ауа көшуі салдарынан Қазақстан бірнеше миллион адамынан айырылды. Кез келген халық өзінің тарихи жолын танып, өткенін білуі маңызды, өйткені тарихи қиындықтар мен ерлік істерін білмейінше, бүгінгі өмір мен болашақтың қадірін түсіну мүмкін емес.

Қазақ халқының демографиялық өсіміне жасалған кедергілер де байқалды. Ұжымдастыру саясаты тек отырықшылыққа бейімдеуге бағытталмаған; оның артында халқына көсем, ұлтына ықпалды зиялы қауым өкілдерін жою мақсаты да тұрғаны анық көрінеді[7].

Сағат Жүсіптің «Ашаршылық ақиқаты: деректер мен дәйектер» еңбегінде сол кездегі жағдай жан-жақты баяндалған. Алдын ала белгіленген аудандарға билік өкілдері, НКВД қызметкерлері, қосымша милиция мен қызыл казактар жіберіліп, мал мен астық тәркіленген соң адамдарды жинап, «ұжымдасқан киіз үйлер қалашығын» құрған.

Аштық пен суықта, тамақсыз, сусыз қалған тұрғындар жан сақтау үшін ешқайда бара алмады, жүздеген адам қырылды. Қасқырлар мен қатаң ауа райы жағдайында көктемге дейін тек кейбіреулері тірі қалды. Мұндай көріністер Алтайдан Зайсанға, Қызылжар, Көкшетау, Қостанай, Торғай және Керекуге дейін орын алған. Кездейсоқ аман қалғандардың бір бөлігі Жетісуға жетіп, Бөрібай мен Омарбек бастаған көтерілісшілерге қосылды, қалғандары жолдарда жан сауғалап тірі қалуға тырысты[8].

Егер Ресей жеріне босып барған қазақ орыс шовинизмінің тепкісін көріп, дәрменсіздіктен қор болған болса, Қарақалпақ жеріндегі табаны тесіліп, маңдайы тасқа тірелген, аштықтан бұралған босқын қазақ жергілікті қарақалпақтық шолақ белсенділердің ұлтшыл қудалауының азабын тартты. Кейбір жергілікті өкімет органдары және жергілікті қызметкерлер босқын қазақтарға «ұрлық жасады» деген жалған айып тағып, оларды өздерінше соттады, ұрып-соғып, ауыр жазалады.

Босқындарды мейлінше жек көру сезімі, оларды адам қатарына санамауы - «Бухарец» кемесінің 1300 өлімші, әбден жол азабынан қажыған қазақтарды тиеп алып, әдетте 2-3 күнде өтетін Қазақстанға баратын су жолын тұтас 8 тәулікке әдейі созып, теңіздің бетін немқұрайлы шиырлап, босқа жүріп алғанынан да айқын көрінсе керек. Ал оны іздеуге жіберілген «Туркестанец» кемесі де Арал теңізінің айлақтарында себепсізден-себепсіз екі тәулік тұрып алды және осының кесірінен кеме үстіндегі біраз қазақтар қайтыс болды. Бұл қылмыстардың бәрін Сейтқали Меңдешев ескерусіз қалдырған жоқ. Мәселені Арал аудандық атқару комитетінің және Көлік ГПУ-інің алдына қойып, айыптыларды жауапқа тартуды дер кезінде талап етті [9]. 1924 жылы Мәскеу ұлттық белгілер негізінде кеңестік Орта Азия шекарасын қайта ұйымдастыруды бастады. Тарихта белгілі Қазақстан өзінің көлемі жағынан да көрнекті болды. Ол Кеңес Одағының көлемі жағынан екінші республика болды.

Тек Ресей федеративті Социалистік Республикасынан (Ресей СФСР) ғана кішкене жер көлемінен кішкентай болды. Кеңес Одағындағы кез келген басқа республикамен салыстырғанда өзінің пасторальды көшпелілерінің саны бойынша да және түркі әлемі бойынша үлкен болды деп айтсақ мақтанғанымыз емес. Зерттеу кезінде қазақ даласына бірінші аштық келді. Ол және қыста басталды.

Көшпенді қазақтар тамақтану үшін малдарын тастап, республикадан қаша бастады. Іздену барысында қазақтардың сыртқа кетуі туралы әр түрлі деректер бар. Кейбір ғалымдар архив құжаттарына сүйене отырып шынайы ақпараттар берді. Соған қарамастан бізде келісеміз және 1931-1933 жылдар аралығында Қазақ ашаршылығының шыңы республикадан 1,1 миллионнан астам адам кетті, олардың басым көпшілігі қазақтар.

Босқындардың тағдыры қиындықпен сырт бөтен мемлекетте қиындықпен өмір жолдарын құрғанмен, олар қазір әркім әр түрлі жағдайда өмір сүруде. Сыртқы мемлекетте жүрген қазақтардың қазіргі ұрпақтары Европа мемлекеттерінде білім алып өз шаруаларын дөңгелетіп жұмыс істеуде. Тағдырлары бір адамның дұрыс саясат жүргізбеуінен қаншамасы қырылып қазір қалған ұрпақтары өмір сүруде. Кімге болса да босқын, қаңғыбас деген атқа ие болуда оңай емес. Сол сырттағы қазақ өзін осы атамекендерінің бір бөлігі екендерін ұмытпаған. Осы босқындарды елге шақыру тәуелсіздік алғаннан бері әр түрлі бағдарламалар жасап елге шақырып жүрген бәрімізге белгілі. Осы сырттағы қазақтардың жағдайын тағдырлары қалай құрылғаны жайлы көптеген ғалымдарымыз әр түрлі бағытта экспедициялар мен зерттеулер жасап жүргізуде. Күштеп ұжымдастыру, малды тәркілеу көшпелі өмір салтын күйретіп, алапат ашаршылыққа алып келді. Архив деректері бойынша, 1931-1933 жылдары Қазақстаннан

Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иранға 1 миллионнан астам адам босып кеткен.– Қазақ халқының 40%-ы қырылды (Т.Омарбеков). Куәгер сөзі: Зейнеп Қожабекқызы: *«Аштан өлгендерді тастап кетуге мәжбүр болдық. Жетпейтін азық үшін баласын айырған аналарды көрдік»*. 1940-1950 жылдар: Шыңжаңдағы қысым және қайта босу. Қытайдағы саяси жағдайдың шиеленісуі, Оспан батыр бастаған қозғалыс, коммунистік биліктің орнауы қазақтардың тағы да босуына түрткі болды. 1950 жылдарда Қытайдан Ауғанстанға өткен қазақтардың жалпы саны 10-15 мың отбасы деп көрсетіледі. Кейін олардың бір бөлігі Пәкістан, Түркия, Еуропа мен АҚШ-қа қоныстанды. Куәгер сөзі: Хүсейін Тәйжі (Ауғанстан қазақтарының көшбасшысы): *«Қытайда қалсақ, түпсіз қудалау болатынын білдік. Тау асып өткенде қаншама жан жолда қалды»*. Босқындардың көбі құжатсыз, азықсыз, қарулы жасақтардың қуғындауымен өтеді. Куәгерлердің ортақ естелігі: *«Асудың жартастарында қатып қалған адамдардың денесі бағанша қатар жатқанын көрдік»*. 1930-1940 жылдары: әскери қақтығыстар, салық ауыртпалығы, жергілікті биліктің қысымы. 1950 жылдары: коммунистік реформалар, күштеп қоныстандыру. 1950 жылдардан кейін қазақтардың бір бөлігі Ауғанстанға, Моңғолияға және Түркияға қайта босуға мәжбүр болды. Қытайдан босқан қазақтар Ауғанстанға жеткен соң да қауіптен құтылмады.– Кеңес–Ауған соғысы (1979) басталғанда көптеген қазақ отбасылары тағы да ел ауыстырды.– Қазір олардың ұрпақтары Түркия, Еуропа, АҚШ-та тұрады. Куәгер сөзі: Барақ Атабалтаұлы (Ауғанстан қазақтарының ақсақалы): *«Соғыс басталғанда тағы босқын болдық. Бір өмірде екі-үш рет ел ауыстырдық»*. Босқыншылықтың ұлттық салдары демографиялық апатқа әкелді. 1926-1939 жылдары қазақ халқының саны 4,8 млн-нан 2,3 млн-ға дейін азайды. Бұл – ашаршылық пен көші-қонның тікелей салдары. Қазақ диаспорасының қалыптасуы. Бүгінде қазақтар: Қытайда – 1,5 млн, Өзбекстанда – 900 мың, Ресей, Моңғолия, Түркия, Иран, Еуропа, АҚШ-та – миллиондаған қауымдастық құрап отыр. Олардың едәуір бөлігі – ХХ ғасыр апаттарында шетелге босқан қазақтардың ұрпағы. Қазақ халқы ХХ ғасырда бірнеше ірі босқындық толқынын бастан өткерді. Бұл көші-қон табиғи емес, зорлықпен жасалған саясаттың, ашаршылықтың, қудалаудың және соғыстардың салдары еді. Куәгерлер естелігі көрсеткендей, әрбір көш артында көз жасы, қайғы, аштық, қауіп пен үмітсіздік қалдырды. Соған қарамастан, шетелге ауған қазақтар ұлттық болмысын сақтап қалды, тілін, дінін, дәстүрін ұрпағына жеткізді. Бұл – халқымыздың өміршеңдігі мен рухани беріктігінің айқын дәлелі. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық және ұжымдастыру Босқындардың жан айқайы. Босқындардың естеліктері – тарихтың ең шынайы айнасы. Мысалы: Куәгер: *«Қарлы асу – қырғынның аты. Көшкендердің жартысы жетпеді. Бірақ тірі қалу үшін амал жоқ, үмітпен жүрдік»*. Тағы бір куәгер: *«Ауғанстанға жеткенде, біз үшін ең үлкен бақыт – аман қалу еді. Бірақ елді сағыну жананымызға батып тұратын»*. Бұл сөздер олардың тағдырын анық сипаттайды. Ашаршылық пен жаппай көші-қон салдарынан қазақ халқы ХХ ғасырда үлкен демографиялық дағдарысқа ұшырады. Халық саны күрт азайды. Кей өңірлер қаңырап бос қалды. Бүгінде Қытай, Өзбекстан, Моңғолия, Ауғанстан, Түркия, Еуропа және АҚШ-тағы қазақ қауымдастықтарының бір бөлігі – сол босқындардың ұрпағы. Олар қазақтың тілін, салтын, дәстүрін сақтауға үлкен үлес қосты. Қазақтардың ХХ ғасырдағы жаппай босқыншылығы – ұлт тарихындағы ең ауыр, бірақ сабаққа толы кезең. Бұл – саяси қысым мен ашаршылықтың салдары болған, миллиондаған адамның тағдырын өзгерткен тарихи процесс. Босқындардың жанқайғысы, куәгерлердің естеліктері сол уақыттың шынайы бейнесін көрсетеді. Олар туған жерден айырылса да, ұлттық рухты сақтап қалды. Осы қайғылы тарих бізге тәуелсіздіктің құнын, бейбіт өмірдің маңызын, халықтың бірлігін терең сезіндіреді.

Қазақстаннан қазақтар шетелге, негізінен Иранға да еркісіз босқын болып кеткен. Олар Ақтөбе арқылы Түркіменстанға өтіп, жолда көптеген қиындықтарға ұшырады: аштық, аурулар, зорлық-зомбылық сияқты жағдайлар болды. Жолда мыңдаған адам қырылған, кейбіреулері безгекке шалдыққан. Иранда бейімделу қиын болды. Қазіргі таңда шамамен 8 мың қазақ сол жерде өмір сүреді. Мысалы, Жалғас Телбай қажының естелігінде 1932 жылы қудалаудан қашып, әкесі түрмеде отырып, анасымен бірге Иранға жеткені баяндалады. Қазіргі

уақытта олар Гүлстан провинциясының Горган, Түркімен, Күнбет қалаларында тұрады. Қазақтар мұсылман дәстүріне сай киініп, Парсы тілінде сөйлескенімен, қазақ тілін және дәстүрлі әдет-ғұрыптарын сақтап келеді[30]. А.Бейсеғұлова «Қазақтардың Түркияға қоныс аудару және орналасу тарихы» атты мақаласында қазақтардың Түркияға қоныстануы туралы деректер береді. 1925 жылы Сталин дәуірінде және тәркілеу кезінде келген қазақтар Түркияда диаспораның қалыптасуына себеп болған. 1930 жылдары шығыс Түркістандағы Қытайдың қысымы мен қудалау салдарынан қазақтар Түркияға көшуге мәжбүр болған.

Қоныстанған қазақтар саны мен аймақтары: Стамбұлдағы Зейтінбұрн ауданында – 13 400, Гүлеш ауданында – 6 000, Сапгөй және Шекпенжер аудандарында – 1 500-2 000, Измирде – шамамен 1 000 адам[10].

Информатор Азиханова Балқия, 1911 жылы Сарқант ауданы Қарабөгет ауылында туған, он үш жасында Ақсу ауданы Көкжайдақ ауылына тұрмысқа шыққан. Ол өз басынан өткен қиыншылықтарды былай сипаттайды: әжесімен бірге апалы-сіңлі болып, кәмпескелеу кезінде малынан айырылып, зорлық-зомбылық көрген. Жолдасы Рамазан ақсақалмен қалған мүліктерін тығып, күнелткен. Көкжайдақтағы байлардан алынған мал мен үй заттары колхозға беріліп, үкімет қарамағына өткен. Халық аштыққа ұшырап, кейде бір-бірін жеп, шөптің тамырын кемірген. Жасанды түймеш үйде аштықтан мұзға батып өлген адамдар болғанын естіген. Азиханова апамыздың айтуынша, сол кезде шолақ белсенділер көбейіп, халықты бай мен қара деп екіге бөліп, оны қолмен белгілеген[11].

Алматы облысы Ақсу ауданының Қызылағаш ауылында тұратын Оразаева Мағлима апамыз 17-18 жас шамасында жаңадан тұрмыс құрған кезде Голощекиннің саясатының салдарынан үлкен қиыншылық көргенін еске алады. Байлардың малын, кейін орта шаруалардың малын тартып алған соң халық аштыққа ұшырап, өзендегі балық та күн көріске жетпеген. Ел қараусыз қалған, қолдағы мал мен үй заттары тартып алынған. Аштықтан адамдар шөптің тамырын жеуге мәжбүр болып, кейде бір-бірін жеген күндер де болған.

Мағлима апамыздың айтуынша, Семей, Шұбартау ауданы мен Жетісу аймағында көп адамдар аштықтан қырылған. Өлген адамдардың мәйіттері тау ішіне немесе құзға тасталған, бір күнде 52 адамды құзға апарып тастаған кездер болған. Кейбір ауылдарда 13 үй балашағасымен аштықтан қырылған. Ақсуға жеткенде әр үйге 1 кесе бидайдан беріліп, оны балаларға жегізіп күн көрген. Апамыз ашаршылықтан аман қалып, немере-шөбере сүйді. Сол кездегі көргендерін есіне алып, ұрпақтарына нанның қадірін білу керектігін ескертеді. Бір түсін де айтыпты: өлі адамдардың бірі оған кесе толы тарыны ұстатып, «Осы тары сен жүз жасқа келгенде бітуі керек» деген көрініс ұмытылмас естелік болып қалған[12]. Шетелге кеткен қазақтардың тағдыры өте ауыр халде болды. Себебі әр түрлі оқиғалар мен өмір қиындықтарына тап болды. Көшіп кету кезінің өзінде әр мемлекетке өтіп одан ары басқа жаққа жылжу қауіпті тәуекелді болып отырған. Жетісудің жергілікті халықының дәстүрлі мәдениетін бұзылуына славян этникалық топтарының келуі әсер етті. Және қоныс аударушылар жергілікті халықтың негізгі массасынан 10-15 есе артық жер үміттеріне ие бола бастады..

Ғалымдар Мәмбет Қойгелдиев пен Талас Омарбеков 1928-1931 жылдардағы қазақтардың Қытайға қоныс аударуына қатысты біршама мәліметтерді зерттеген. 1928 жылғы байларды кәмпескелеу кезінде шолақ белсенділер байларды қудалап, елде үрей тудырды; аштықтан қашқан кедейлер де Қытайға өтті. Алматы аймағының Алакөл ауданынан 50 адам, Бүйен мен Ақсу аймақтарынан байлар отрядтарға бірігіп Ақдалаға өтті. 1929 жылы Шарбақты ауылынан 70 мың адам қашып шықты; шекарашылар ауылды қорқытып, кейбір үлкендерді көздерінше атып, киіз үйлерді өртеп, малдарын тартып алған. 1931 жылы Алматы және Семейден 2630 қожалық көшіп үлгерген. Ғалымдар бұл қозғалысты кесте түрінде цифрландырылған түрде береді [13].

Қытайға кеткендердің саны

	Ұсталғандар	Қытайға кеткенде	Өз еріктерімен КСРО-ға қайта оралғандар	Кеткендердің ішінен Қытай өкіметі тапсырғандар
Шаруашылықтар	710	3,603	372	357
Адамдар	2,386	8,847	1,057	1,405
Ірі қара малы	9,311	11,921	1,026	3,407
Ұсақ малдар	3,920	19,803	1,664	4,314

1929 жылы ҚАССР-ның шекаралық аудандарынан Қытайға көшкендер:

	Қожалықтар саны	Адамдар саны
байлар	123	739
орташалар	128	474
кедейлер	165	632

Әлемнің әртүрлі елдерінде қазақтар тарихи оқиғалар мен сол елдердің саясатына байланысты әртүрлі әлеуметтік, экономикалық және саяси статусқа ие. Тұрақты мекен етушілер Ресей, Қытай, Түркия, Моңғолия, Өзбекстан, Батыс Еуропа мен АҚШ-та тұрады; эмиграцияланған жұмысшылар – АҚШ пен Батыс Еуропада; азаматтығы жоқ, қашқындар – Ирандағы Ауғанстан соғысы кезінде қашқандар.

Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, Қырғыз жеріне кеткен қазақтар қиын жағдайда болды. 1933 жылы 19 мамырда Бішкек станциясына Қазақстанның әр аймағынан 860 адам келді, оның ішінде әйелдер мен балалар бар еді. Бастапқыда көмек көрсетілмеді, кейін Қазақстанның өтініші бойынша нанмен қамтамасыз етілді. Халық Комиссарлары Советінің қаулысы олардың қайтуын шектеуге бағытталды, себебі егіс науқаны басталуы керек еді.

Қытайға көшкен қазақтарға салықтарды орындау міндеті қойылды, олар туған жерге оралу үмітімен мойындады. Ф.А. Қозыбақова көрсеткендей, қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу ауылда түсінбеушілік пен үрей тудырды. Кеңес үкіметі «барлық еңбекшілерге» үндеу жасап, бай-шонжарларға қарсы сақ болуға шақырды. Төтенше тәркілеу жаппай ұжымдастырудың бір бөлігі ретінде жүзеге асырылып, іс жүзінде күш көрсету басым болды.

Көшпелі аудандарда қожалықтар қатты тәркіленді, көптеген арыздар қаралмай қалды. Мысалы, Алматы уезінде Асытов Ахметжанның 160 ірі және 1200 ұсақ малы тәркіленді. Прокуратураның рөлі азайып, ГПУ басты орында болды; кейде жер аударылған соң ғана шағымдануға мүмкіндік берілді.

Ашаршылық салдарынан 1937 жылы Қазақстандағы халық саны 2 862 458 адамды құрады. Малдан айырылған, егін шықпағандықтан астық болмаған. 1 030 мың адам республикадан тыс аймақтарға кеткен, оның 616 мыңы оралмаған, 414 мыңы кейін оралған. 1926-1939 жылдары миграция нәтижесінде қазақтар: РКФСР-да 2,3 есе, Өзбекстанда 1,7 есе, Түркменстанда 6 есе, Тәжікстанда 7 есе, Қырғызстанда 10 есе өскен [14].

Түркияға кеткен қазақтардың екі санаты бар. Пәкістан арқылы келгендерге «зегһезі достеп» мәртебесі берілген, олар Джейранпинарға орналастырылып, мемлекеттік фермаларда жұмысқа кірген. 1952-1958 жж. ресми мигрант мәртебесі беріліп, жер, тұрғын үй, мал бөлінген; әскери қызметке бес жылға босатылған. Түркиядағы лагерьлерде үш мезгіл тамақтанып, оқу мен кәсіби дайындықтан өткен [15].

1926-1939 жылдардағы халық санағы бойынша қазақтар саны 3 628 мыңнан (58,2 %) 2 328 мыңға (36,4 %) төмендеген, ал орыстар 1 275 мыңнан (20,5 %) 2 636 мыңға (41,2 %) жеткен. Бұл ұжымдастыру кезінде жергілікті тұрғындар саны азайып, сырттан келушілер көбейгенін көрсетеді. Сол кезеңде ОГПУ республика бойынша 82 % бай қожалықтарын анықтап, ірі байлардың 75 % тәркіленіп, жер аударылған [16].

Кейінгі уақытта түркиядағы 1934 жылдары босқын болып барған қазақтардың орналасуы және олардың тұрмыс тіршілігімен айналысып жүрген зерттеушілер Б.Қалшабаева, А.К.Бейсеғұлова және т.б.

Бұл зерттеушілердің еңбегінде сол қазіргі таңда Түркияда өмір сүріп жатқан отандастарымыздың тарихи-этнографиялық жақтарын өз мақалаларында төмендегідей ақпарат беруде.

2007 жылғы Түркиядағы санақ нәтижесінде 6 мың отбасы, 20 мыңнан астам қазақ бар екен. Зейтінбұрны ауданында 13,400 қазақтың саны 10,000-ға дейін қысқарыпты. Оның басты себебін, Түркиядан Қазақстанға жылына 50 отбасының қоныс аударуымен түсіндіреді. Қазақ есімдерімен қатар Түркия Заңы бойынша, бөтен аттарды, яки түрікшеге ерсі келген сөздерді куәлікке жазғызбайды екен.

Түркияға келген қазақ отбасыларына 1934 жылғы атауларға қатысты енгізілген реформаға сәйкес түрік фамилияларында және кей жағдайларда ағайындарға әр түрлі фамилияны алу да тиімді болды. Себебі, осы тегіне қарай олар Анадолыдан жеке баспана, т.б. жеңілдіктер алуға мүмкіндік алатын еді. Көп жағдайларда олар географиялық не этникалық шыққан тегіне қарай атауды таңдайды. Бірақ көбіне дыбысталу жағынан түрікке жақын болу керек. Мысалы, Алтай, Алтан, Аксакал, Жагатай не Тюркимтан», - деп жазады. Түркияға барған қазақтардың кейбір тобы алғашқыда ұлтын қазақ деп көрсетпей, татар не түрік деп жаздырған.

Осы Түркиядағы отандастарымыз бойынша қазіргі кезеңде олардың саны 10,000 қазаққа жетпейді екен. Түркиядағы қазақтардың тұрмысына тоқталсақ 1960 жылдан бастап қазақтар біртіндеп үлкен қалаларға, әсіресе Түркияның сауда орталығы болған Ыстамбұлға, одан кейін Измир, Анкара қалаларына ойыса бастағаны туралы жазады.

Табыс тауып, отбасыларын асырау үшін қазақ жастары қара жұмысқа шыққан. Уақыт өте келе олар 5-10, тіпті 30 кісіден ақшаларын біріктіріп, тері, пластика өнімдерін шығаратын шағын кәсіпорындар құрады. Сөйтіп, жаңа мекенге қоныс аударған қазақтар күн көрудің өзіндік жолын салды. Бұл жақтағы қандастарымыздың осыншама уақыт аралығында өздерінің мәдениеттілігімен, тәрбиелілігімен ғана көзге түсіп, шетелдіктерге үлгі болып жүргенін айта кету керек [17].

Кеңес Одағының ресми деректеріне сенгеннің өзінде, 1930 жылдың жазынан 1933 жылдың жазына дейін 3 млн 379 500 қазақ ашаршылықтың құрбаны болған. Мұнын. бір миллионнан астамы көрші елдерге босып кеткендердің қатарына жатады. Енді төменде бұған 1921-1922 жж. аштық құрбандарын қосып қарасақ деймін. Онда 1,7 млн адам шейіт болды. 1937-1938 жж. 110 мыңнан аса адам қуғын-сүргінге ұшырады. Солардың 25 мыңнан астамы атылып кеткен.

Әлемнің әр еліндегі босқындар яғни қазақ диаспорасы әлеуметтік, экономикалық, құқытық, мәдени және білім қатынастары жағынан бір текті емес. Көбіне ол қазақтар шыққан үш елде немесе бұрынғы тұрған жерлерінде қылыптасады: мысалы Қазақ елі, Түркия, Қытай, ары қарай олар бүкіл әлемге тараған. Алыс шетелде тұратын қазақтар ана тілінен басқа қытай, ағылшын, швед, француз, неміс тілдерін т.б. меңгерген. Еуропа елдерінде, АҚШ пен Канадада тұратын қазақ диаспорасының екінші және үшінші ұрпақтарының қазақ тілін қолдануларын бұрынғы дәрежесінен әлсіретіп алмау керектігі байқалады. Шетелдегі жас буын қазақтар тілді аздап біледі. Ал оның алдындағы елу, алпыстағылар тілді ұмытпаған. Енді жастардың тілді білмеуінің себебі сұраныстын жоқтығынан шығар деп ойлаймыз. Шетелдерде қазақ тілін үйрететін мектептердің арасында Түркияда, Ұлыбританиядағы қазақ қоғамдарын атап өту керек, Ал Францияда, АҚШ елдерінде қоғамдар жоқ. Авторлары шетелдегі қазақтар үш түрлі әліпбиді пайдаланған. Түркиядағылар латын, Қытайдағылар араб, Қазақстандағылар кириллицаны [17].

Шетелде тұратын қазақтар әлі күнге дейін таза өз ұлтына қосылуды жалғастыруда. Бірақ әр түрлі жағдайларда ғана бұлар басқа өзге түрік ұлттарына қосылуға рұқсат берілген. Осы жағдайды ұжымдық авторлық еңбектерде этникааралық некені былай сипаттап көрсетеді. Елісхан батырдың әйелдерінің жағдайын келтірген. Себебі Қытайдан Үндістанға көшу кезінде

бастарынан өткен психологиялық, физиологиялық күйзелістерден кейін бала тууға дәрменсіз болған. Ауған Пимиріндегі Қырғыздардан қыз алысып құдаласқан [18].

Бүгіндері сандары төрт мың мөлшерінде болған еуропа қазақтарының көпшілігі 1961 жылы Түркия мен Германия арасында еңбек күшін алмасу келісіміне сай Түркиядан Еуропаға барған қазақтар құрайды. XX ғасырдың орта шегінен асқанда Түркиядан Гунешликей ауданынан жер сатып алып, үйлер салу керек деген шешімдер қабылданып 1973 жылы 15 тамызда Қазақкент аталатын аудан ашылған. Осы елді мекенде осы кезде алғаш қазақ мектебі ашылған. Мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылы «Вакив» аталатын мәдени-ағарту қоғамы ұйымдастырылған. Томдық еңбекте көрсетілгендей Түркиядың жоғары білім алу өте қымбат. Қазақ жастарының 10 % ғана білім алады екен. Түркиядан сол кезде қазақ жастарына ешқандай жеңілдіктер берілмейді [19]. 2010 жылғы санақ бойынша Ресейдің Волгоград облысында 45000 қазақ тұрады екен. Азаматов Айвар деген Ресейдегі қазақ жігіттің елге берген сұхбатын тауып сіздерге сол жақтағы қазақ ұлтының жағдайын жеткізудеміз. Бұл жақтағы қазақ жастары көбінесе қазіргі таңда мектепте, бала бақшада орысша оқиды деді. Қазақ тілді мұғалімдер бар дейді. Есімі қазақ тілінде айтқанда есімі Айвар дегенді білдіреді. Қазақстанға келмей тұрғанда мен көз алдыма жай қарапайым үйде тұратын деп елестегенмін дейді. Алматыға келісімен мен Қазақстан отандастарымды зәулім үйлерде қымбат көліктерге мінгенің байқап қуандым дейді. Бізде Волгоградта үлкендердің ақылдарымен салт-дәстүрлеріміз сақталған дейді. Бірақ Ресейді көп ұлттар өмір сүріп жатқандықтан ашық қысым жоқ дейді. Мен өзім байқамадым дейді. Түсініспеушіліктер, қақтығыстар сияқты тұрмыстық жағдайлар болып тұрады. Бірақ жалпы алғанда жағдай жөнделіп келе жатыр деуге болады. Осындай жағдайдың орын алмауы үшін ұлтаралық неке де көбейген. Үйленерде қазақ қызын таңдап, қазақ қазақпен отбасылы болу тенденциясы жақсы сақталып келеді. Ата-аналар да айтып жатады. «Қисық, қыңыр болса да, қазақ болсын» деген сияқты.

Содан кейін бізде әлеуметтік желі арқылы танысу кең етек жайған. Қазақтар көп мекендейтін Омск, Волгоград облыстарындағы в контакте желісі «Подслушано», «Казахи Омск» және т.б. сынды топтар бар дейді. Яғни осы топтармен жастар танысып жатыр дейді. Қазақ тарихымен енді қызық білудемін дейді. Ресейдегі мамандығымды аяқтансоң елге келіп тарих мамандығына түссем деп аяқтайды [20]. 1956-1962 жж. қазақтардың кері миграциялық ағымдары олардың этнодемографиялық жағдайына әсер етті. Мәселен, 1962 туғандардың жалпы саны ең жоғары көрсеткішке жетті. 1962 ж. 60 мыңдай қазақтар Кеңес-Қытай шекарасынан бері өтті. XX ғ. 90-жылдарының басында қазақтардың тарихи Отанына оралуы мәселесі үкімет деңгейінде шешіле бастады. Бұл мәселенің күрделілігіне орай, мемлекет қазақтардың шетелдерден оралуын біртіндеп жүзеге асыру бағдарламасын дұрыс көрді. 1991 ж. көктемде Талдықорғанға таяу Сарыөзек станциясына Монғолиядан шыққан оралмандар (7 отбасы) келіп түсті. Т.Омарбеков өзінің еңбегінде былай дейді. Қазақстандық орыстардың немесе қазақтан басқа ұлттардың аштықтан өлгенін немесе олардың қазақтар құсап кейбір аудандарда әр түрлі жәндіктер етін, тіптен кейде аштықтан есінен айырылып, адам етін де жеуге барғанын дәлелдеп беретін ресми құжаттар архивте жоқ дейді [21]. Көшпенділер. Деректі фильмдегі түркия қазақтары - жолсерік бесінші бөлімінің негізінде біз сол жақта тұрып жатқан қазақтар жайлы олардың тағдыры қалай болып жатқандығы жайлы ақпаратты қағаз бетіне түсіріп көрсетудеміз. Қазіргі таңда өмір сүріп жатқан ақсақал Бопалай Чалышқан түркия еліне он сегіз жасында барыпты. Түркияға Пәкістаннан барып орналастық деуде. Пәкістаннан қазақтар бұл жаққа үш мыңнан астам болып келдік дейді. Алтайдан Монғолияға, одан Пәкістанға одан ары Түркияға шыққанда он жеті мың қазақ болдық дейді. Пәкістанға келгенде бір күнде он жеті адамның жаңазасы оқылып жерленген. Он екі жыл жолда өміріміз өткен дейді. Бұл кісі 1935 жылы көш бастап шыққанбыз дейді. Шыққан тегі руы Керейден екен. Жүкті болған әйелдердің қарындары жарылып өлтірілген. Қытай өкіметі мен

Кеңес өкіметі осындай қорлық көрсеткен. Енді бұл кісінің ұрпақтарының бәрінің өз шаруашылықтары бар. Ол жақта жақсы дамып өсіп жатырмыз дейді [22].

Кеңес тарихының ақтаңдақтары болып табылатын кезең 1932-1933 жылдары болған «Ұлы аштық» екені даусыз. Сенімді деректерге сүйенсек аштық 6 миллион адамның өмірін жалмаған.

Қорытынды. Зерттеу көрсеткендей, Қазақстаннан халықтың көшуі негізінен үш бағытта жүзеге асқан: Қытай, Өзбекстан және Ауғанстан-Иран бағыттары арқылы. Осы себептен, қазір 4,5 млн қазақ бұрынғы КСРО-ның 14 мемлекетінде және әлемнің 25 елінде тұрады. Өзбекстан, Қытай және Ресейде 800 мың ғана қазақ диаспора болса, қалған 3,7 млн қазақ ирреденттер ретінде көрші мемлекеттердің аумақтарында өмір сүруде.

Ирреденттер тарихи аудандарда – Астрахань, Орынбор, Курган, Омбы, Таулы Алтай, Іле, Құлжа, Баян-Өлгей, Сырдария және басқа аймақтарда тұрады. Қазақтардың тарихи отанына оралуға құқығы бар.

Кеңестік кезеңде қазақ шаруаларының өмірі қиын болды: ұжымдастыру, мал мен жерді тәркілеу, аштық пен саяси қуғын-сүргін қоғамға ауыр әсер етті. Халық наразылықтары негізінен ақсақалдар, дін басылары мен батыл шаруаларға байланысты болды. Кеңес өкіметі шаруашылықтарды күштеп ұжымдастыру арқылы ұлттық дәстүрді, мәдени институттарды жойып, халыққа қарсы зорлық-зомбылық саясатын жүргізді. 1928-1933 жылдардағы ұжымдастыру мен ашаршылық қазақ қоғамына ауыр соққы болды. Көптеген ауылдарда мал мен өнім тәркіленіп, халық аштыққа душар болды. Куәгерлердің баяндамалары бойынша, бұл жылдары қазақтар өмір сүру үшін өз ауылын, жерін тастап, шет аймақтарға, қала мен көрші елдерге қашуға мәжбүр болды.

Босқындар арасында балалар мен қарттар көп болды, жолдағы қиындықтар мен аштық салдарынан көптеген адамдар қаза тапты. Куәгерлер халықтың қорқыныш, қиналыс, үмітсіздік сезімін, сондай-ақ, кейбіреулердің тарихи отанға оралуға деген күшті талпынысын сипаттайды.

Бұл кезең қазақ қоғамында демографиялық дағдарыс тудырып, ұлттық мәдениеттің сақталуына қауіп келтірді. Куәгерлердің естеліктері тарихи фактілерді толықтыра отырып, кеңестік саясаттың халыққа тигізген ауыр зардабын көрсетеді.

1928-1933 жылдардағы босқындық – қазақ халқының төзімін, тарихи тағдырын және кеңестік репрессиялық саясаттың салдарын айқын көрсететін трагедиялық кезең болды. Халықтың ауадан көшуі мен ашаршылық этностың тіршілік жүйесін бұзып, қазақтардың демографиялық жағдайын әлсіретті. Сандық қалпына келтіру тек Ұлы Отан соғысы кезінде мүмкін болды.

Қазіргі таңда шетелдегі қазақтар өз мәдениеті мен тілін сақтап, тарихи отанымен байланысын нығайтуда. Қазақстанда тұңғыш құрылтайдан бастап, диаспораны қолдау бойынша түрлі шаралар ұйымдастырылуда: мәдени орталықтар ашу, ана тілін үйрету, тарихи және заманауи ақпаратпен қамтамасыз ету.

Жалпы, ХХ ғасырдың 20-30-жылдарығы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін қазақ тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болып саналады. Зерттеулер көрсеткендей, бұл кезеңде кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе халыққа қарсы геноцидтік саясат жүргізді. Қазіргі тарихшылар мен мемлекет тарапынан мұны ашық зерттеу, ақтау және тарихи әділ баға беру маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Мұстафа Шоқай және тұтас Түркістан идеясы. - Алматы, 1997. - 220 б.
2. Тәтімов М. Демографиялық процестегі әлеуметтік шарттылықтар. - Алматы, 1989. - 125 бет.
3. Қозыбақова Ф. Қазақстан ауыл шаруашылығында «қанаушы таптарды» және жеке қожалықтарды жою: тарихы және салдарлары (1926- 1933 жж.). - Алматы, 1997. - 174 бет.
4. Жаманбаева Л.Қ. Кеңестік күштеу саясатының зерттелуінің кейбір мәселелері ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. - 2011. - №4. - 63-б.
5. Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. - Алматы, «Санат», 1994. - 272 бет.

6. Сантаева К.Т. Қазақстандағы ұжымдастыру: Оқу құралы. - Талдықорған, 2018. - 147 б.
7. Махат Д.А. Қазақ зиялыларының қасіреті. - Алматы: «Сөздік Словарь» 2001. - 304 бет.
8. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 4-тарау, 5-бөлім. – 752 б.
9. Ашаршылық ақиқаты деректер мен дәйектер. Сілтеме: <http://e-h151oгу,к7/к7/риЫІсаІіон5/уіеш/1479>. Қаралған уақыты: 01.03.2024.
10. АӨЖМ. Ақпарат беруші Алматы облысы Нарынқол. Сабден Нұртілеу 2023 ж.
11. Көшпенділер. Деректі фильм. Иран қазағы - Тегерандағы Дүния. 8- бөлім. [hКр5://Дуту.уоІиВе.сom/шаІсh?у=Ат УаіһуРНгМ](http://Дуту.уоІиВе.сom/шаІсh?у=Ат УаіһуРНгМ). Қаралған уақыты: 20.06.2023.
12. Бейсегулова А. Қазақтардың Түркияға қоныс аудару және орналасу тарихының кейбір мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. - 2012. - №1. - 293 бет.
13. АӨЖМ. Ақпарат беруші. Алматы облысы Ақсу ауданы Көкжайдақ ауылы Азиханова Балқия
14. ҚР ОМА Ф. 5. Оп. 10. Д. 88. Л. 69-73.
15. АП РК. Ф.141. Оп. 1. Д. 2289. Л. 10–11.
16. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1687. Л. 38-41.
17. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Архиві (бұдан ары қарай ҚРОМА) 698-қор, 14-тізбе, 293-іс, 138 парақ.
18. Әбдірақұлы О. Қытайдағы қазақ баспалары. // Жұлдыз. - 1995. - №5. 183-184-бб.
19. Еуропа қазақтарының кіші құрылтайы. Сілтеме: <http://едетеп.к2/аgііс1е/100028-еигора-да2аdіаgуnһ-кІ5һі-дигуІауу>. Қаралған уақыты: 01.09.2024.
20. Бахтибаев А.А. Казахская Диаспора в Узбекистан в1920-1930гг. - Алматы, 2001. - 130 с.
21. Қозыбақова Ф. Қазақстан ауыл шаруашылығында «қанаушы таптарды» және жеке қожалықтарды жою: тарихы және салдарлары(1926- 1933 жж.). - Алматы, 1997. - 174 бет.
22. Қозыбаев М., Абылхожин Ж., Алдажуманов К. Коллективизация в Казахстане трагедия крестьянства. - Алматы, 1992. - 350 с

References:

1. Koigeldiev M. *Mustafa Shokay and the Idea of a United Turkestan*. Almaty, 1997, 220 p.
2. Tatimov M. *Social Determinants of Demographic Processes*. Almaty, 1989, 125 p.
3. Kozybakova F. *Elimination of the “Exploiting Classes” and Individual Farms in Kazakhstan’s Agriculture: History and Consequences (1926–1933)*. Almaty, 1997, 174 p.
4. Zhamanbaeva L. Q. *Some Issues in the Study of Soviet Coercive Policy*. *Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. History Series*, 2011, no. 4, p. 63.
5. Omarbekov T. *Zobalang (Resistance to Forced Collectivization): Textbook*. Almaty: Sanat, 1994, 272 p.
6. Santaeva, K. T. *Collectivization in Kazakhstan: Textbook*. Taldykorgan, 2018, 147 p.
7. Makhat, D. A. *The Tragedy of the Kazakh Intelligentsia*. Almaty: Sozdik–Slovar, 2001, 304 p.
8. *History of Kazakhstan (from Ancient Times to the Present Day)*. In 5 vols. Vol. 4. Almaty: Atamura, 2010, 752 p.
9. *The Truth about the Famine: Documents and Evidence [Electronic resource]*. Accessed March 1, 2024.
10. *Oral History Materials. Informant: Sabden Nurtilieu, Narynkol, Almaty Region, 2023*.
11. *Nomads. Documentary film. Iranian Kazakh – “Duniya” (Tehran). Episode 8 [Video]*. Accessed June 20, 2023.
12. Beisegulova A. *Some Issues of Kazakh Migration and Settlement in Turkey*. *Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. History Series*, 2012, no. 1, p. 293.
13. *Oral History Materials. Informant: Azikhanova Balkiya, Kokzhaidakh Village, Aksu District, Almaty Region*.

14. *Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fund 5, Inventory 10, File 88, Sheets 69–73.*

15. *Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK). Fund 141, Inventory 1, File 2289, Sheets 10–11.*

16. *Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK). Fund 141, Inventory 1, File 1687, Sheets 38–41.*

17. *Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fund 698, Inventory 14, File 293, Sheet 138.*

18. *Abdirakuly O. Kazakh Publishing Houses in China. Zhuldyz, 1995, no. 5, pp. 183–184.*

19. *Minor Kurultai of European Kazakhs [Electronic resource]. Accessed September 1, 2024.*

20. *Bakhtibaev, A. A. The Kazakh Diaspora in Uzbekistan in the 1920s–1930s. Almaty, 2001, 130 p.*

21. *Kozybakova F. Elimination of the “Exploiting Classes” and Individual Farms in Kazakhstan’s Agriculture: History and Consequences (1926–1933). Almaty, 1997, 174 p.*

22. *Kozybaev, M., Abylkhozhin, Zh., Aldazhumanov, K. Collectivization in Kazakhstan: The Tragedy of the Peasantry. Almaty, 1992, 350 p.*